1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova	Aidana	Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

Қорытындылай келе, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамаларды ШОБ дамытумен сәйкестендіру төмен деңгейде қалып отыр. 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы жасыл экономикаға көшуді көздейді, бірақ экологиялық тұрақты кәсіпкерлікті ынталандыру тұрғысынан ШОБ дамыту тұжырымдамасымен синхрондалмаған. Атап айтқанда, Тұжырымдамада ШОБ үшін экологиялық стандарттар мен технологияларды енгізу бойынша егжей-тегжейлі шаралар жоқ, бұл өнімнің халықаралық экологиялық талаптарға сәйкес келмеу қаупін тудырады. Бұл өз кезегінде қазақстандық ШОБ субъектілерінің сыртқы нарыққа шығуына кедергі жасап, олардың экспорттық әлеуетін төмендетуі мүмкін.

Осылайша, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың стратегиялық аудиті негізгі көрсеткіштердегі, қаржыландыру тетіктеріндегі, экспортты қолдау стратегиялары мен экологиялық бастамалардағы сәйкессіздіктерді анықтайды, бұл стратегиялық құжаттардың бірізділігін қамтамасыз етуге кешенді көзқарасты талап етеді. Мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін шағын және орта бизнесті дамытудың экономикалық, қаржылық және экологиялық аспектілерін біріктіретін кешенді стратегиялық негізді әзірлеу қажет. Мұндай кешенді саясатты қалыптастыру Қазақстанның тұрақты экономикалық өсіміне, кәсіпкерлік сектордың теңгерімді дамуын және оның ұлттық және жаһандық экономикалық процестерге интеграциялануын қамтамасыз ететін маңызды қадам болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Астана, 14 желтоқсан 2012 жыл// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>

2. «Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы No 121 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2300000121>

3. «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі No 611 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2610>

4. «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі No 250 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000250>

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нәлші.Н.Б

3 курс студенті «Мемлекеттік аудит»

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана қаласы,

Қазақстан Республикасы

E-mail: nalshenursulu@gmail.com

Аңдатпа. Мемлекеттік қаржы бақылау жүйесінің тиімділігі бюджеттік басқару, салықтық реттеу және қаржылық тәртіптің сақталуына тікелей әсер етеді. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджеттік жоспарлау, қазынашылық қызмет, мемлекеттік сатып алулар және қаржылық тәртіпті нығайту бойынша кешенді шараларды жүзеге асырады. Ішкі мемлекеттік аудит комитеті республикалық және жергілікті бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды бақылап, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қадағалайды. Бюджет қаражатын ұтымды пайдалану және қаржылық бұзушылықтардың

алдын алу мақсатында бақылау тетіктері жетілдіріліп, өзге мемлекеттік органдармен ынтымақтастық нығайтылуда.

Түйін сөздер: қаржы, қаржылық бақылау, бюджетті жоспарлау, қазынашылық қызмет көрсету, бюджет қаражаты, бақылаудың нәтижелілігі.

Аннотация. Эффективность системы государственного финансового контроля оказывает прямое влияние на бюджетное управление, налоговое регулирование и соблюдение финансовой дисциплины. Министерство финансов Республики Казахстан реализует комплексные меры по бюджетному планированию, казначейскому обслуживанию, государственным закупкам и укреплению финансовой дисциплины. Комитет внутреннего государственного аудита контролирует эффективное использование средств республиканского и местных бюджетов, а также следит за выполнением государственных программ. В целях рационального использования бюджетных средств и предотвращения финансовых нарушений совершенствуются контрольные механизмы и укрепляется сотрудничество с другими государственными органами.

Ключевые слова: финансы, финансовый контроль, бюджетное планирование, казначейское обслуживание, бюджетные средства, эффективность контроля.

Annotation. The effectiveness of the state financial control system directly impacts budget management, tax regulation, and compliance with financial discipline. The Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan implements comprehensive measures for budget planning, treasury services, public procurement, and strengthening financial discipline. The Internal State Audit Committee monitors the efficient use of republican and local budget funds and oversees the implementation of state programs. To ensure the rational use of budget funds and prevent financial violations, control mechanisms are being improved, and cooperation with other government agencies is being strengthened.

Keywords: finance, financial control, budget planning, treasury services, budget funds, control efficiency.

Мемлекеттік қаржы бақылау жүйесі – мемлекеттік биліктің ажырамас бөлігі. Оның тиімділігін арттыру – қаржылық тәртіпті, бюджеттік басқаруды және салықтық реттеуді жетілдіруге ықпал етеді. Қаржы саласындағы күрделі мәселелерді шешу және болашақ даму басымдықтарын айқындау арқылы мемлекеттік қаржы бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру – еліміздің маңызды міндеттерінің бірі.

Мемлекеттік басқарудың кез келген бағыты ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар мен алға қойылған міндеттер негізінде жүзеге асырылады. Бюджеттік қаражаттың толық және уақытылы игерілуін қамтамасыз ету үшін Қаржы министрлігі бюджеттік жоспарлау мен атқарудың сапасын жетілдіруге, қазынашылық қызмет көрсету процесін оңтайландыруға, мемлекеттік сатып алуларды тиімді ұйымдастыруға және қаржы тәртібін сақтауға бағытталған кешенді шараларды іске асырады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қарасты Ішкі мемлекеттік аудит комитеті қаржылық бақылау саласында орталық атқарушы орган ретінде жұмыс істейді. Оның негізгі міндеттеріне республикалық және жергілікті бюджет қаражаттарының мақсатты әрі тиімді жұмсалуды бақылау кіреді. Сонымен қатар, Комитет қаржы ресурстарының дұрыс бөлінуін және оларды мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында ұтымды пайдалануды қадағалайды.

Мемлекеттік қаржы бақылау жүйесі – мемлекеттік биліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Оның тиімділігін арттыру бюджет пен салықтық тәртіпті нығайтып, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Елдің қаржы бақылау механизмін жетілдіру, күрделі мәселелерді шешу және болашақ даму бағыттарын анықтау – мемлекет алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі [1].

Кез келген мемлекеттік қызмет белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған нақты міндеттер негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты қаржы бақылау жүйесі келесі негізгі міндеттерді қамтиды:

1. Республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуын қадағалап, қаржылық және бюджеттік тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

2. Мемлекеттің стратегиялық даму бағыттарын бақылау шараларымен қамтып, мүмкіндігінше көп нысандарды қамту арқылы тиімділікке қол жеткізу;

3. Мемлекеттік қаражаттың заңды әрі мақсатты түрде жұмсалуды бақылап, заңсыз немесе негізсіз шығындардың алдын алу, сондай-ақ тиімсіз пайдаланылған қаржының бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету;

4. Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа да заңнамаларын бұзған тұлғаларға әкімшілік жауапкершілік жүктеу және қылмыстық санкциялар қолдану;

5. Қазақстанның қаржы бақылау жүйесін халықаралық тәжірибеге сәйкес жетілдіру және оны заманауи үрдістерге бейімдеу.

Айта кету керек, мемлекеттік қаржы бақылауы екі негізгі санатқа бөлінеді: сыртқы және ішкі бақылау. Бірінші кестеге сәйкес, сыртқы бақылауды жүзеге асырушы негізгі органдар – Республикалық бюджеттің орындалуын бақылайтын есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссиялары. Ал ішкі бақылау Үкіметтің өкілеттік берген құрылымдары арқылы іске асады, сондай-ақ арнайы ішкі бақылау қызметтері атқарады [2].

Кесте 1 – Мемлекеттің қаржыны бақылау түрлері

Деңгей	Сыртқы қаржылық бақылау	Ішкі қаржылық бақылау
Республикалық деңгей	Республика бюджетін орындауды қадағалайтын есеп комитеті	Орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері және Үкімет өкілеттік берген ішкі бақылау органы
Жергілікті деңгей	Мәслихаттардың тексеру комиссиялары	Үкімет өкілеттік берген органдардың ішкі бақылауы және облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың атқарушы органдарының ішкі бақылау қызметтері

Мемлекеттің қаржыны бақылау жүйесі бірнеше деңгейден тұрады, олар әртүрлі бақылау функцияларын жүзеге асырады:

1. Республикалық бюджеттің орындалуын қадағалайтын есеп комитеті – мемлекеттік қаржыны сыртқы бақылаудың негізгі органы;

2. Мәслихаттардың тексеру комиссиялары – жергілікті деңгейдегі бюджеттің орындалуын сыртқы бақылау үшін жауапты құрылымдар;

3. Үкімет өкілеттік берген ішкі бақылау органы – мемлекеттік қаржының тиімді әрі заңды пайдаланылуын қадағалайтын ішкі бақылау органы;

4. Орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері – министрліктер мен ведомстволардың қаржылық тәртіпті сақтауын қамтамасыз ететін құрылымдар;

5. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің ішкі бақылау қызметтері – жергілікті деңгейде бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды бақылау функциясын атқарады [3].

Қаржы министрлігі мемлекеттік бюджеттің толық әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бюджетті жоспарлау мен атқарудың сапасын арттыру, мемлекеттік мекемелердің шоттарына қазынашылық қызмет көрсету, мемлекеттік сатып алу процестерін оңтайландыру және олардың тиімділігін арттыру бағытында жұмыстар жүргізеді. Сонымен қатар, бюджеттік қаражатты дұрыс пайдалану мен қаржылық бұзушылықтардың алдын алу бойынша кешенді шараларды іске асырады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті қаржы бақылау саласында орталық атқарушы орган ретінде қызмет атқарады. Ол республика және жергілікті деңгейдегі бюджеттік қаражаттың жұмсалуды бақылау,

мемлекеттік қаржының заңдылығын сақтау, қаржылық тәртіпті нығайту және бюджеттік процестердің ашықтығын қамтамасыз ету міндеттерін орындайды. Бұл шаралар мемлекеттік қаржыны тиімді басқаруға және бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының бюджеттік қаражатты бақылау жүйесі ауқымды бағдарламалардың орындалуын қадағалау мақсатында түрлі мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысын талап етеді. Осыған байланысты, қаржылық бақылауды ҚР Бас прокуратурасы және Республикалық бюджеттің орындалуын қадағалайтын есеп комитеті жүзеге асырады. Бұл құрылымдар бюджеттік қаражаттың тиімді әрі мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету үшін тұрақты түрде тексерулер жүргізеді.

Осы жылдың бірінші жартыжылдығында Комитет «Жұмыспен қамту–2025» бағдарламасы мен «Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламасының қаржыландыруына қатысты аудиттік тексерулер жүргізді. «Жұмыспен қамту–2025» бағдарламасы аясында бірнеше мемлекеттік орган қамтылды, оның ішінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер агенттігі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар [4].

Аталған тексерулер барысында жалпы сомасы 66,6 млрд теңге қамтылып, оның ішінде 8,3 млрд теңгеге қатысты түрлі қаржылық бұзушылықтар анықталды. Бұл мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету және қаржылық тәртіпті күшейту қажеттігін көрсетеді.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қатысты тексерулер барысында жергілікті атқарушы органдар бөлген трансферттерді пайдалану кезінде жалпы сомасы 11,1 млрд теңгені қамтыған бақылау жүргізіліп, оның ішінде 2,1 млрд теңге көлемінде қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Мысалы, Алматы және Астана әкімдіктеріне ауылдық жерлерде кәсіпкерлік негіздерін оқыту және кәсіпкерлікті кредиттеу үшін бөлінген 424,5 млн теңге тиімсіз жұмсалған. Осыған байланысты, бұл әкімдіктер бағдарламаның аталған бағытына қатысудан бас тарту туралы бастама көтерген.

Жалпы алғанда, нысаналы трансферттердің дұрыс игерілмеуі бағдарламалардың нақты нәтижеге қол жеткізуіне кедергі келтіреді. Мәселен, экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден қоныстандыру бойынша жоспарланған 141 отбасының тек 1-і (2 адам) ғана Қызылорда облысынан көшірілді, яғни бұл көрсеткіш жоспардың небәрі 1%-ын құрады. Бұл қаржының тиімсіз пайдаланылуынан бөлек, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу деңгейіне қатысты жүйелі мәселелердің бар екенін көрсетеді [5].

ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қатысты тексерулер барысында 17,9 млрд теңге көлеміндегі қаржы бақылауға алынып, нәтижесінде 1,7 млрд теңге көлемінде қаржылық бұзушылықтар анықталды. Сонымен қатар, бағдарлама қатысушыларын оқытуға бөлінген қаражатты жоспарлау кезіндегі қателіктер салдарынан стипендия төлеуге 1,3 млрд теңге бағытталған.

Тексеру барысында келесі мәселелер анықталды:

1. Жабдықтарды сатып алуға бөлінген қаражаттың тиімсіз пайдаланылуы;
2. Әлеуметтік келісімшарттардың талаптарын орындамау, соның салдарынан бюджеттен бөлінген қаражатты мақсатсыз жұмсау;
3. Бағдарлама қатысушыларының оқу орындары орналасқан қалалардағы жол жүру және тұру шығындарын бюджет есебінен өтеу, бұл негізсіз шығын ретінде қайта қаралуы тиіс.

Сонымен қатар, ҚР Индустрия және құрылыс министрлігіне жүргізілген бақылау нәтижесінде 37,6 млрд теңге көлеміндегі қаржы қамтылып, 4,5 млрд теңгенің заң бұзушылықтары анықталды. Жыл басында нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған қалдықтары мен бюджеттік қаражаттың тиімсіз жұмсалудың фактілері тіркелді. Бұл мемлекет қаржысын басқару жүйесінде әлі де жетілдіруді қажет ететін мәселелер бар екенін көрсетеді.

ҚР Индустрия және құрылыс министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне жүргізілген тексерулер нәтижесінде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында бірқатар қаржылық бұзушылықтар анықталды. Мемлекеттік сатып алу рәсімдеріндегі заң бұзушылықтар 127,1 млн теңгені құраса, жалпы жер асты су көздерін зерттеуге және сумен жабдықтау жүйесін дамытуға бөлінген қаражаттың тиімді пайдаланылмауы мәселесі өзекті болып отыр.

Іздестіру-барлау жұмыстары толық көлемде орындалмағандықтан, сумен жабдықтау инфрақұрылымын дамытуда стратегиялық жоспарлардың орындалмауы байқалды. Атап айтқанда:

1. Ауылдық елді мекендерді жер асты су көздерімен қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстар жеткіліксіз деңгейде жүргізілді;

2. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту шаралары тиісті деңгейде іске аспады;

3. Пайдаланушы кәсіпорындардың қызметін оңтайландыру процесі баяу жүрді.

Мұндай олқылықтар елді мекендердің сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне тікелей әсер етеді және бюджет қаражатын тиімді игеру мәселесіне қатысты жүйелі проблемалардың бар екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті бюджеттік қаржының жұмсалуды бақылауды күшейту мақсатында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жақсарту және аудит әдістерін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуде. 2024 жылғы есепті кезеңде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы камералдық бақылау жүргізіліп, 1,9 трлн теңгеден астам бюджет қаражаты қамтылды. Аудит нәтижелері бойынша жалпы сомасы 81 млрд теңге болатын қаржылық бұзушылықтардың алдын алу шаралары қабылданды.

Бұл деректер бюджеттік жоспарлау мен бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетіп отыр. Қаржылық тәртіпті нығайту үшін мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына жүйелі мониторинг жүргізу және бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ету маңызды.

2024 жылы мемлекеттік аудит шеңберінде 123 миллиард теңге көлеміндегі бюджеттік қаражатқа 370 тексеру жүргізілді. Нәтижесінде, 14 миллиард теңге қаржының заңсыз пайдаланылғаны анықталып, оның 11 миллиарды тауарлар жеткізу, қызмет көрсету және орындалған жұмыстар арқылы бюджетке қайтарылды. Сонымен қатар, аудит барысында қаржылық тәртіпті күшейту және басқару сапасын арттыру мақсатында 345 ұсыным беріліп, оның 114-і толығымен жүзеге асырылды.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі басым міндеттердің бірі – республикалық бюджет жоспарын әзірлеу және оны Парламентте бекіту процесін оңтайландыру.

Екіншіден, бюджет қаражатының уақытылы және мақсатты бөлінуін қамтамасыз ету үшін барлық қаржылық рәсімдердің жедел әрі ашық жүргізілуі қажет.

Үшіншіден, бюджет кірістерінің толық түсуін бақылау және қаражаттың мақсатты жұмсалуды онлайн-мониторинг арқылы бақылауды күшейту маңызды [6].

Мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстанда 2015 жылы халықаралық стандарттарға сәйкес «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң қабылданды. Бұл заңның аясында сыртқы аудит органдары (Есеп комитеті мен өңірлік тексеру комиссиялары) ұлттық ресурстарды тиімді басқару арқылы азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған талдау жүргізеді.

Ал ішкі аудит құрылымдары (министрліктер мен жергілікті атқарушы органдар жанындағы ішкі бақылау бөлімдері) қаржылық есептердің ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, олар мемлекеттік бағдарламалардың орындалу сапасын қадағалап, бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты жұмсалуды қамтамасыз етуге жауапты.

Бюджеттік тәртіпті күшейту және қаржының ашықтығын арттыру – мемлекеттік басқарудың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді.

Мемлекеттік аудит саласында шектеусіз тексерулер жүргізудің алдын алу мақсатында, бақылаушы органдар арасында келісілген аудит объектілерінің нақты тізімі жасақталды. Барлық аудиторлық тексерулер тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделіп, қаржы бұзушылықтарын анықтаумен қатар, олардың негізгі себептерін талдауға бағытталған.

Жоспарлы тексерулер саны азайғанымен, олардың тиімділігі айтарлықтай артты. Мысалы, 2023 жылдың алғашқы 10 айында жоспарлы аудит нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтар барлық анықталған заңбұзушылықтардың 44,4%-ын құрады. Бұл көрсеткіш 2021 жылы 25,6%, ал 2022 жылы 12,4% деңгейінде болған.


Қаржы тәртібін күшейту шараларының нәтижесінде 2023 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша бюджетке қайтарылатын қаражат көлемі 10,1 миллиард АҚШ долларын немесе 76,5%-ды құрады (2022 жылы бұл көрсеткіш 1,49 миллиард АҚШ доллары немесе 26,7% болған).

Аудиттік бақылаудың тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында бірқатар жаңа шаралар енгізілді:

1. Аудиторлық рәсімдерді оңтайландыру және тексерулердің қайталануына жол бермеу;
2. Мемлекеттік бақылау қорытындыларын жинақтайтын бірыңғай дерекқорды енгізу және дамыту;
3. Ашықтық пен есептілікті арттыру үшін дерекқорға мемлекеттік аудит нәтижелерін жедел енгізу.

Қазіргі уақытта бірыңғай дерекқорға 12 516 құжат тіркелді, оның ішінде 11 250 материал – Комитет тарапынан, ал 1 266 материал – ішкі аудит қызметтерінен жолданған [7].

Диаграмма 1 – Мемлекеттік тексеру жүргізетін басқармаларының тексерулері



Мемлекеттік қаржының тиімділігін арттыру және заң бұзушылықтарды уақтылы анықтап, олардың алдын алу мақсатында «камералдық бақылау» жүйесі енгізілді. Бұл бақылау түрі аудит жүргізу барысында объектілерге тікелей баруды қажет етпейді, керісінше, Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерінің көмегімен қашықтан деректерді талдауға негізделген.

Камералдық бақылаудың тағы бір маңызды аспектісі – аудит объектілерінің басшыларына қаржылық бұзушылықтарды дер кезінде түзету мүмкіндігін беру. Осылайша, олар әкімшілік жауапкершіліктен босатылады, бұл өз кезегінде мемлекеттік мекемелерге түсетін әкімшілік жүктемені төмендетеді.

Бұл механизм енгізілгеннен кейін, оның тиімділігі айтарлықтай байқалды. Мәселен, 2019-2023 жылдары 80 мыңнан астам мемлекеттік сатып алу заң бұзушылықтары жойылды.

Салыстыру үшін, 2017-2025 жылдары осындай заңсыздықтарды жою көрсеткіші 1 мың жағдаймен ғана шектелген [8].

Камералдық бақылау қазіргі таңда мемлекеттік қаржы аудитінің маңызды құралына айналып, бюджеттің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосуда. Осы жүйенің енгізілуі мемлекеттік органдардың қаржы тәртібін сақтауы үшін қосымша ынталандыру болып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Мемлекеттік бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету – қаржы жүйесінің негізгі басымдығы. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы қаржылық бақылау органдары бюджет қаражатының заңсыз және тиімсіз пайдаланылуына жол бермеу үшін кешенді шараларды жүзеге асыруда.

Аудит пен қаржылық бақылаудың тиімділігін арттыру үшін ішкі мемлекеттік бақылау жүйесі үнемі жетілдіріліп, басқа да бақылаушы органдармен тығыз өзара әрекеттесу механизмдері нығайтылып келеді. Бұл бюджет қаражатының ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік ресурстардың тиімді пайдаланылуына мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта қаржылық бақылау мен аудиттің саңдық технологияларға негізделген жаңа әдістерін енгізу, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және мемлекеттік бақылау органдарының үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі болып қала береді. Осылайша, бюджеттік мүдделерді қорғау, қаржылық тәртіпті күшейту және экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету жалғасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Абленов Д.О. Қаржылық бақылау және аудит жүйесі: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2023. – 544 б.

2 Молдашбаева Л.П. Қазақстандағы аудит: ғылым мен тәжірибе арасындағы байланыс // Мемлекеттік аудит және бақылау. – 2022. – No 15. – 22–28 б.

3 Болотова Е. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың заманауи әдістері // Бюджеттік бақылау журналы. – 2023. – No 2. – 4–8 б.

4 Садвокасова А. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қаржылық бақылаудағы рөлі // Бюджеттік менеджмент. – 2023. – No 4. – 2–9 б.

5 Айтбекқызы Ж. Ішкі аудит және бақылау: мақсаттар мен тиімділік көрсеткіштері // Мемлекеттік қаржылық бақылау журналы. – 2023. – No 2. – 5–11 б.

6 Қазақстан Республикасындағы қаржылық бақылау жүйесі туралы есеп. Қаржылық бақылау жөніндегі зерттеу орталығы. – Астана, 2024. – 327 б.

7 ҚР Қаржы министрі баяндамасы: «Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы» Үкімет отырысы. – Астана, 2024: www.gov.kz.

8 Садвокасова А. Қаржылық бақылау мен мемлекеттік аудиттің құқықтық негіздері // Экономикалық қауіпсіздік журналы. – 2023. – No 4. – 6–13 б.